

Анықтама

Баланы балабақшаға қабылдау кезінде мектепке дейінгі ұйымның медициналық медбикесі қажетті анықтамалардың болуын тексеріп, баланың балабақшаға қатысуына рұқсат береді.

Медициналық медбике келесі құжаттарды бақылайды:

- Баланың медициналық картасы (026/у нысаны, онда баланың ауырған аурулары мен даму тарихы көрсетіледі).
- Профилактикалық егулер картасы (065/у нысаны, барлық вакцинациялар тіркеледі).
- Денсаулық жағдайы және жұқпалы аурулармен байланыста болмағаны туралы анықтама (анықтама тұрғылықты жері бойынша емханадан балабақшаға баруды бастардан 1–3 күн бұрын алынады).

Балабақшаға баруды бастамас бұрын бала емханада бейінді мамандардың міндетті медициналық тексеруінен өтуі тиіс (педиатр, стоматолог, офтальмолог, ЛОР дәрігері, невропатолог және т.б.).

Егер ата-аналар өтініш беруді, кезекке қоюды рәсімдеуді немесе балабақшаға жолдаманың мәртебесін тексеруді жоспарласа, онда олар «Құжаттарды қабылдау және балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау» порталы арқылы өз бетінше қызмет алуы қажет.

Бала балабақшаға қабылданғаннан кейін оған бейімделу кезеңінен өту қажет.

Балабақшадағы бейімделу — баланың жаңа әлеуметтік ортаға, күн тәртібіне және ережелерге үйрену процесі. Орта есеппен бұл кезең 2–3 аптадан 2–3 айға дейін созылады. Бұл процестің жеңіл әрі күйзеліссіз өтуі үшін біртіндеп үйрету және психологиялық қолдау маңызды рөл атқарады.

«Таңертеңгі сүзгі» — балаларды балабақшаға қабылдау кезінде күн сайын жүргізілетін міндетті тексеру рәсімі. Оның негізгі мақсаты — науқас баланың ұжымға кіруіне жол бермеу. Рәсімді медициналық қызметкер немесе тәрбиеші ата-ананың қатысуымен жүргізеді. Тексеру баланың сырқаттану белгілерін ерте анықтауға мүмкіндік беретін үш негізгі кезеңнен тұрады.

Ата-аналардан сұрау:

Тәрбиеші немесе медициналық медбике баланың үйдегі жағдайын, әлсіздікке, ұйқысының немесе тәбетінің нашарлауына қатысты шағымдардың бар-жоғын сұрайды. Сондай-ақ жұқпалы аурумен ауырған адамдармен байланыста болған-болмағаны нақтыланады.

Көзбен шолып тексеру:

Тері жамылғысының жағдайы (бөртпенің болуы), көздері (қызару немесе конъюнктивит белгілері), сондай-ақ шырышты қабықтардың жағдайы тексеріледі.

Термометрия:

Баланың дене қызуы өлшенеді.

Егер баладан ауру белгілері анықталса (дене қызуы 37°C және одан жоғары, жөтел, мұрыннан су ағу, бөртпе немесе тамақтың қызаруы), ол топқа жіберілмейді. Мұндай жағдайда бала ата-анасы келгенге дейін оқшауланады. Ата-анасы оны үйіне алып кетіп, медициналық көмекке жүгінеді. Сауығып шыққаннан кейін ғана бала дәрігердің анықтамасы болған жағдайда балабақшаға қайта келе алады.

Балабақшадағы медициналық қызметкердің күнделікті жұмысы — балалардың денсаулығын қорғауға бағытталған шаралар кешені. Оған барлық санитариялық нормалар мен ережелердің сақталуын бақылау, медициналық құжаттаманы жүргізу, аурулардың алдын алу және алғашқы медициналық көмек көрсету кіреді.

Орындаған: Мустафина Г.А. 